„Абай өлеңдеріндегі адами құндылықтар және ұлттық мінез көрінісі"

Абай Құнанбайұлы - қазақ елін сонау қилы заманда көкірегін оятып, көзін ашқан алып тұлға. Әр қазақ баласы Абай атамызды бала кезден танып, біліп жатады. Абай өлеңдері - тек қазақ елінің руханиятының әлемі ғана емес, сондай-ақ барша әлемді кемелдікке жетелдіретін әлем. Ақын өз поэзияларында терең, мән-мағыналы тақырыптарды қозғап, адамның ой-санасын биік шыңына жеткізуге талпынады. Абай атамыздың барлық құндылықтары бір арнаға тоғысып „толық адам" іліміне апарады. „Толық адам" ілімін зерттеп, оқыған адам ғана білім мен адамгершіліктің басын ұштастыра алады. Қазіргі таңда Абай өлеңдерін оқып, одан тәлім-тәрбие алатын жастарымыз да жоқ емес бар. Ұлы ақынымыздың өсиетін көкірегінде ұстап, ойшылымыздың құрметіне түрлі байқаулар, мерекелер өткізіліп жатыр. Менің ойымша бұл атқа аңызға айналған ұлы ақынымыздың берген мұрасының бейжай қалмауы.

Абай Құнанбайұлы өз өлеңдерінде көптеген адами құндылықтарды қалдырып кеткен. Соның бірі - рухани құндылық. Рухани құндылыққа тоқталсақ, ақын өз өлеңдерінде қазақ халқының жігін қайрап, намысын оятып, рухын көтермекші болды. Сонау қиын қыстау, қилы заманда елдігіміз жоғалып, елімізге өзге елдер көз тігіп, халқымыз әсірек сөзер бола бастағанда Абай рухани азық, күш бере білді. Ақын он жетінші қара сөзінде „Ыстық қайрат, нұрлы ақыл, жылы жүрек" деп бекерден бекер айтпаған ғой. Осы үш қасиет адамды рухани толық адам атандырады. Қазіргі таңда жастарымыз рухын жерге тастамай, намысын алға қояды. Бірақ көбісі кейде ақылына жүгініп, жүрек үнінің тыңдамайды, кейбірі қайратын өз пайдасына жұмсап, ақылынан көз жазып қалады. Осы үш қасиеттің

үйлесімін тапса ғана рухани кемелдіктің жолын қуады.

Абайдың адами құндылықтарының тағы бір маңызды құндылықтарының бірі - ол ұлттық құндылық. Абай негізінен қазақ елі жайлы, оның мәдениеті, дәстүрін жақсы сипаттап жазып кеткен. Өйткені ол болашақта қазақ балалары мәдени мұрамызды біліп, дәстүрімізді дәріптеп, ұлттық сананы қалыптастыруын қалады. Сондықтан да „Қалың елім, қазағым, қайран жұртым" деп келешекті уайымдап, бар білгенін қағазға түсірген. Мысалы „Домбыраға қол соқпа" өлеңінде Абай қазақтың киелі аспабы домбыраны бейнелеп берген. Негізі бұл өлеңнің мән-мағынасы тіпті терең. Мысалы, бір жағынан Абай қасиетті аспап домбыраны бейнелеп тұр, бірақ тереңінен көз жүгіртіп қарасақ домбыраны қаралы қазақ ретінде суреттейді. Оны қастерлеп, қазақ жері секілді аман алып қалуымыз керек. Міне, ұлттық құндылығымыз осында жатыр. Әр дәстүріміз, әр аспабымыз, ою-өрнектеріміз барлығы ұлттық құндылықтың шарықтауына септігін тигізеді. Қазіргі таңмен салыстырып қарасақ, бүгінде ұлттық құндылықтарымызды дәріптеп, құндылықты қолдайтын жастарымыз бар. Үгіттеп, насихаттап ұлттық киімдерімізді киіп, қазақ тілінде сөйлеуді әдетке айналдырып, түрлі мерекелер, іс-шаралар жүргізеді. Осының барлығы әлі құндылығымыз жойылмағанның айқын белгісі.

Қазіргі таңда Абайдың адами құндылықтарын толғастыра білген, бір туындыға жинақтаған Қазақстан елінің Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың „Толық адам" концепциясы бар. Осы туындыда Абайдың айтып кеткен үш қасиеті, „толық адам" ілімі барлығы насихатталынып, жаңа қарқын-

мен осы „кемел адам" тұжырымына қарастырылады. Бұл жер-
де еліміздің Тәуелсіздік жолындағы жылдар, маңызды оқиғалар
жырғатылады. Батыр, хандарымыздың елін сақтап қалудағы а-
ғыстары, Алаш зиялыларының елдік мүддені қорғап, бөгде елге
жерін бермей, қуғын-сүргінге ұшырауы, қанды Желтоқсан оқи-
ғасындағы жастардың алаңға шығып „Еліміздi өзіміздeн шық-
қан қазақ адамы басқарсын"-деп Тәуелсіздікті беріп қойма-
ған қазақ жастары айтылады.

Қорытындылай келе, Абай өлеңдерінде адами құндылық-
тар және ұлттық мінез көрінісі айқын суреттеледі. Және қазір-
гі таңда ұлттық мінезді берік ұстайтын қазақ жастары толып
жатыр. Қазақ елінің ұлттық мәдениеті барша елге танытып,
жер арқылы танымал қылуда. Адами құндылықтарымызды
тоғыстырып жас буындарға түрлі іс-шаралар, кітаптар оқыт-
қызуда. Абай өлеңдері - өткен мен бүгіннің, бүгін мен болашақ-
тың көрінісі. Бұл көпірді бұзбай, мұра ретінде жеткізу біздің
парызымыз!